



КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



КИОР
РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Казахстанский
институт
общественного
развития



**ULTTYQ
VOLONTERLIK
JELI**



ВОЛОНТЕРЛІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕ ҮШІН КЕРЕК?





Волонтерлік дегеніміз не және ол не үшін керек?

Біз волонтер деген сөзді жиі естіп жүрміз. Біз ол туралы жаңалықтардан, әлеуметтік желілерден оқып, адамдар арасындағы әңгімелерден «мен волонтермын», «ертең волонтерлікпен барамын...», «2020 жыл – Волонтерлер жылы болып хабарланды», «пандемия жағдайында әлем бойынша волонтерлер бірігуде...» және т.б. естіп жүрміз

Дегенмен де, волонтерлік тақырыбын әлі күнге дейін түбегейлі түсінбей жүрген адамдар бар. Бұл - көмекші жаднама. Бұл құрал-жадынама, волонтерлік туралы барлық негізгі сұрақтарға жауап береді деп үміттенеміз!

Волонтерлер. Олар кімдер?

Біз «Волонтер» деп айтқан немесе естіген кезде, біз олардың осы қағидаларды қатаң ұстанатын адамдар екенін нақты түсінуіміз керек:

1. ЕРІКТІ ТҮРДЕ – ЯҒНИ, бұл менің не істейтінімді өзім таңдайтынымды білдіреді! Бұл менің тілегім, менің еркім!

Сондықтан «біреу мәжбүрлеген», «біреу жұмсаған» немесе «біреу сеніп тапсырылған» адамдардың барлығын волонтерлер деп атауға болмайды. Мүмкін, бұл адамдар да жақсы және пайдалы іс жасап жүрген шығар – бірақ бұл волонтерлік ЕМЕС.

2. АҚЫСЫЗ – бұл менің жұмысым үшін ақы, сыйақы күтпейтінімді білдіреді. Бұл ақы үшін жұмыс емес. Бұл - менің риясыз үлесім!

Өз қызметі үшін кез-келген үлгіде және мөлшерде ақы алатындардың бәрі волонтер ЕМЕС – бұл жалдамалы немесе штаттық қызметкерлер.

Қызметті жүзеге асыру үшін волонтерлерге берілетін ресурстар немесе керек-жарақтар (күректер, тырмалар, майкалар, қалпақтар, байланыс үшін берілетін бірліктер және т. б.) төлем болып табылмайды

3. ҚОҒАМНЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН – яғни, бұл менің әлеуметтік жағдайды өз ісіммен жақсартып жатқанымды білдіреді. Менің ісім басқа адамдарға пайдалы!

Менің туыстарым, достарым немесе менің бағынатын адамдарым үшін тегін жұмыс жасау, әлеуметтік мазмұны жоқ ойын-сауық, саяси, спорттық іс-шараларға қатысу арқылы мен жақсы және қызықты шаралар өткіземін, бірақ бұл волонтерлік ЕМЕС.

4. ҚЫЗМЕТ – ЯҒНИ, тек нақты амалдар мен іс-әрекеттер волонтерлік болып табылады.

Егер адам немесе адамдар тобы қоғам үшін пайда туралы өз еркімен және ақысыз талқылайтын болса – бұл волонтерлік ЕМЕС. Нақты істер маңызды!

Сонымен, **ВОЛОНТЕР** – бұл, қоршаған өмірді жақсартуда ақысыз, саналы түрде және жауапкершілікпен өз уақытын қиып, бар күш-жігерін саламын деген таңдау жасаған тәуелсіз, психологиялық тұрғыдан жетілген адам!

Волонтерліктің пайдасы неде?



ҚОҒАМ ҮШІН ПАЙДАЛЫ:

- Халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек
- Экологиялық жағдайдың жақсаруы
- Қиын жағдайларда халықты қолдау
- Жануарларға көмек
- Әлеуметтік қиын мәселелерде

ВОЛОНТЕРДІҢ ӨЗІНЕ ПАЙДАСЫ:

- Өзінің әлеуметтік және азаматтық белсенділігін жүзеге асыру мүмкіндігі
- Қызметтің әртүрлі салаларында даму және өзін сынау
- Жан-жақты тәжірибе алу және қолдану
- Жаңа қызықты және пайдалы адамдармен танысу
- Оқуға түсу немесе жұмысқа орналасу кезіндегі бәсекеге қабілеттілік
- Саяхаттау мүмкіндігі
- Кез-келген жаста сұранысқа ие болу және ұнамды іспен айналысу
- Өзін-өзі көрсету, өзін-өзі таныту, қабілетін іске асыру және т. б. мүмкіндіктері





Волонтерлер немен айналысады?

Еріктілердің қызмет шегі өте кең. Әр адам қызығушылығы мен қабілеттері бойынша өзінің шұғылданатын ісін табатыны сөзсіз. Еріктілер өздерін келесі 15 бағыттың кез-келгенінде жүзеге асыра алады:



1. МЕДИЦИНАДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК / ДОНОРЛЫҚ

Медициналық волонтерлік - өте тар және ерекше бағыт. Дәл осы бағыт бойынша ересек жастағы еріктілерді жиі кездестіруге болады, өйткені бұл сала ерекше және қауіпті. Бұл жерде адамдар бастарын неге тігетінін түсініп, оқытылған, дайын болғаны маңызды. Әрине, егер кез-келген стихиялық жағдайда біреу көмектесетін болса, оған ешкім «кет, сен дұрыс білмейсің!» деп айтпайды, дегенмен де мамандарға осы функционалда қандай да бір білімі мен тәжірибесі бар еріктілердің көмектескені жақсырақ. Өйткені волонтерлік қызмет қағидаттарының бірі - «Зиян келтірмеу».

Донорлық - волонтерліктің тағы бір маңызды бағыты. Мұнда еріктілер қан тапсыратын донор ретінде де, ақпараттық еріктілер ретінде де, яғни, бұқараны осы бағыттың маңыздылығы туралы хабардар ететін, қорқыныш пен үрейді сейілтетін, халық арасында насихат жасайтын адамдар ретінде де қажет.



2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК

Экологиялық еріктілік қазір халық арасында кең жайылуда. Волонтерлік қызметтің бұл бағытының көптеген түрлері бар - флора мен фаунаны сақтауға, қалалық тазалық пен экологиялық жағдайды сақтауға немесе саяхаттауға, ұлттық саябақтарға баруға және туристер үшін экологиялық соқпақтар салуға болады және т.б.



3. ӘЛЕУМЕТТІК ВОЛОНТЕРЛІК

Әлеуметтік волонтерлік - бұл әлеуметтік көмек көрсетуге, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсетуге қатысу, қарттарға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, мүгедектер үшін ортаның қолжетімділігін ұйымдастыру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және халықтың басқа да санаттарын әлеуметтік бейімдеу, ықпалдастыру және тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу. Бұл ерікті көмектің ең танымал бағыттарының бірі.



4. МЕДИА-ВОЛОНТЕРЛІК

Медиа-волонтерлік. Ол әлі де қарқын алып, сөздің жақсы мағынасында «топ жаруға» дайын тұрған волонтерліктің өте жас түрі. Медиаволонтерлер тек жәрдем алушыларға ғана көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар волонтерлік қызметті ұйымдастырушыларға - еріктілік орталықтарға, қайырымдылық қорларына, КЕҰ-ға да көмектеседі. Көбінесе бұл журналистер, фотографтар және видеографтар, олардың міндеті белгілі бір жобалардың қызметі туралы айтып қана қоймай, сонымен қатар еріктілер қозғалысын насихаттау болып табылады.



5. ОҚИҒАЛЫҚ (ЖАҒДАЙЛЫҚ) ВОЛОНТЕРЛІК



Оқиғалық еріктілік - оны event-волонтерлік деп жиі атайды. Оқиғалық волонтерлік ең ауқымды бағыттардың бірі болып табылады, өйткені ол еріктілік қызметтің бірнеше бағыттарын қамтиды. Волонтерлік лагерьлердің қызметін қоса алғанда, өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, археологиялық қазба жұмыстарына, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіруге, кемтар балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе конгресстік-көрмелік қызметіне қатысу бағыттары бойынша жүзеге асады.



6. ЖАҢУАРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ВОЛОНТЕРЛІК (Зооволонтерлер)

Зооволонтерлер. Кейбіреулер үшін жануарларға көмектесу-жалғыздық пен жаман көңіл-күйден арылудың тәсілі, ал біреудің қаңғыбас жануарларға жаны ашиды және ол оған бей-жай қарай алмайды. Кейбір адамдар хайуанаттар бағындағы жануарларға көмек көрсетуді таңдайды, олардың денсаулығы мен өсіп келе жатқан санын бақылайды. Жануарларға волонтерлік көмек көрсету - бұл өзімізді де, жануарларды да бақытты етудің тамаша тәсілі. Жануарларды қорғау ұйымдары еріктілердің көмегін өте белсенді пайдаланады. Жануарларға қатысты адамгершілікке баулуды насихаттайтын, Антуан де Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» шығармасындағы «асырап отқандарыңа жауаптылық танытыңдар» деген әйгілі цитатасын ұстануға шақыратындарды да зооволонтер деп атауға болады. Сондай-ақ, мұндай еріктілер көбінесе табиғи мекендейтін жерлерде зерттеу үшін қорықтар мен табиғаттағы әртүрлі түрлерді өз еркімен бақылайды және жойылу қаупіндегі жануарлардың популяциясын қалпына келтіреді. Көңілің қалаған іспен шұғылдану – волонтерлік қызмет сонысымен тамаша.



7. ТЖ ВОЛОНТЕРЛІК

Дүлей зілзалалардың, экологиялық, техногендік және басқа да апаттардың, әлеуметтік жанжалдардың, жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылықтың құрбандарына, босқындарға және мәжбүрлі қоныс аударушыларға, сондай-ақ бөгде адамның көмегіне және қолдауына мұқтаж адамдардың өзге де санаттары мен топтарына көмек көрсетуге қатысу; орталық және жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайлардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға жәрдемдесу; хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуге қатысу.

Сондай-ақ, медициналық еріктілер сияқты өте тар және ерекше бағыт. Дәл осы бағытта ересек жастағы еріктілерді жиі кездестіруге болады, өйткені бұл сала ерекше және қауіпті. Өрине, егер кез-келген стихиялық жағдайда біреу көмектесетін болса, оған ешкім «кет, сен дұрыс білмейсің!» деп айтпайды, дегенмен де мамандарға осы функционалда қандай да бір білімі мен тәжірибесі бар еріктілердің көмектескені жақсырақ. Өйткені волонтерлік қызмет қағидаттарының бірі - «Зиян келтірмеу».



8. МӘДЕНИ ВОЛОНТЕРЛІК (өнер саласындағы волонтерлік)



Мәдени еріктілік (кейде оны арт-волонтерлік деп те атайды) та-нымал бола бастады, дегенмен ол жақында тәуелсіз бағыт ретінде пайда болды. Мұның жағымды себебі бізде өнермен, мәдениетпен және кинематографпен байланысты көптеген мәдени іс-шаралар өткізіле бастады. Бүгінде мұражайлар, кітапханалар, саябақтар сияқты алаңдар өз есігін айқара ашып, еріктілерді қуана-қуана шақырады. Олар сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруге қатыса алады, экскурсиялар ұйымдастырып, өткізеді, ірі мәдени шаралар мен фестивальдерді өткізуге көмектеседі, Мәдениет үйлерінің жұмысына көмектеседі, актерлер, аниматорлар ретінде қатысады және тағы басқалар. Тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени мекендеу ортасын қалпына келтіру және сақтау үшін мүмкіндіктер жа-сауға қатысу; білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді насихаттауға, инновацияларды дамытуға қатысу.

9. СПОРТТЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК



Дене шынықтыруды, спортты және белсенді бос уақытты дамы-туға және насихаттауға, өңірлік, өңіраралық, республикалық қоғам-дық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шара-ларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу; салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, аурулардың таралуына қарсы әлеуметтік мәні бар іс-қимыл бойынша алдын алу жұмыстарын ұй-ымдастыру және жүргізу.

10. PRO BONO ВОЛОНТЕРЛІК



Pro bono немесе зияткерлік еріктілік - қайырымдылық, қоғамдық және басқа да коммерциялық емес ұйымдарға ақысыз негізде кәсі-би көмек көрсету.

11. КОРПОРАТИВТІ ВОЛОНТЕРЛІК



Бұл ұйым қызметкерлерінің өз компаниясының қолдауымен түрлі әлеуметтік бағдарламаларға ерікті түрде қатысуы. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) және кәсіпорынның тұрақты даму стратегиясының элементі болып табылады.

12. ОНЛАЙН ВОЛОНТЕРЛІК



Виртуалды волонтерлік (онлайн-волонтерлік, кибер ерік-тілік, цифрлық волонтерлік, е-волонтерлік) — интернет арқылы қашықтықтан жүзеге асырылатын волонтерлік қызмет түрі.

13. ЭТНО – ВОЛОНТЕРЛІК



Халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығай-туға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни жанжалдардың алдын алуға қатысу.



14. ИТ ВОЛОНТЕРЛІК

Сізде коммерциялық емес жоба бар ма және сізге бағдарламашы, дизайнер, журналист, копирайтер немесе фото редактордың көмегі қажет пе? Тіркеліңіз және жаңа мақсаттар қойыңыз. Біздің модераторлар сіздің мәселеңізді шешу үшін маман табуға көмектеседі. Көрсетілген көмек үшін алғыс нысанын тағайындауды ұмытпаңыз; немесе кішігірім қоғамдық бастамаларға көмектесуді ұнатасыз ба? Сіз жауапкершілігі мол бағдарламашысыз ба? Сіз де портфолио үшін бірегей жобаларды іздейтін жаңадан ашылған студияңыз бар ба? Сіз әдеттегі коммерциялық жобалармен жұмыс істеуден шаршадыңыз ба? Біздің платформа сіз үшін. Профильді мұқият толтырыңыз, жүйенің жаңартуларын қадағалаңыз немесе модераторлардың сұрауларына жауап беріңіз. Қызықты тапсырма пайда болғаннан кейін сіз бұл туралы бірден білетін боласыз.



15. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК

Халықаралық еріктілік жеке бағыт ретінде қарастырылады, дегенмен, бұл жоғарыда аталған бағыттардың кез-келгенінде жүзеге асырылуы мүмкін еріктіліктің жеке түрі.

Халықаралық волонтерлік еріктінің халықаралық бағдарламаларға немесе жобаларға қатысуын немесе басқа елдердің бағдарламалары мен жобаларына қатысуын білдіреді. Халықаралық еріктілік жасына, әлеуметтік жағдайына, біліміне, байлығына және т.б. жағынан барлығына бірдей қол жетімді.

Бұл елді іштей зерттеудің, тәжірибені басқа елдердің тәжірибелерімен толықтырудың, шет тілін жетілдірудің және әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен жақсы уақыт өткізудің таптырмас мүмкіндігі.

Халықаралық волонтерліктен не ала аласыз?

- **БЮДЖЕТТІК САЯХАТТАУ**
- **ТУРИЗМНІҢ БАЛАМА НҰСҚАСЫ**
- **МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ**
- **ТІЛДІК ПРАКТИКА**
- **КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ**

Халықаралық волонтерліктің негізгі идеясы - интернационалдық алмасу арқылы бейбітшілік пен ұлттық төзімділік идеяларын тарату үшін ортақ мүдделері бар әртүрлі елдердің адамдарын біріктіру.



ВОЛОНТЕРЛІК ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

Волонтерлік қызметтің терең тамыры бар және әр түрлі стереотиптердің және әрдайым дұрыс емес пікірлердің тізбегі жиналды.

Біз Сіздер үшін волонтерліктің айналасындағы, түбегейлі дұрыс емес 8 аңызды жинадық.



№ 1 АҢЫЗ

Түсіну үшін қарапайым және бір мезгілде күрделі стереотип: **волонтер – бұл тегін жұмыс күші.** Волонтерлер - бұл ештеңе жасамайтын адамдар деген пікірмен қатар жүреді. Қарапайым мысал келтірейік. Сіз өз досыңыздан заттарды апаруды өтінесіз, ал одан да жақсы жағдай – ол сізге қиын деп ойлап, өзі көмектесуге келді. Жағымды ма? Иә. Алғысыңыз шексіз бе? Иә. Сіз өз тарапыңыздан, оның жұмыстан/оқудан кейін шаршап келсе де, көмектескенін білесіз. Сіз оны тегін жұмыс күшімен байланыстырасыз ба? Жоқ. Мұның бәріне ол қандай күш жұмсағанын түсінесіз.

Волонтерлер де жан мейірімділігімен көмектеседі, әлемді өз күштерімен жақсырақ етуге тырысады және бір нәрсені ғана сұрайды: олардың еңбегі мен көмегін тегін жұмыс немесе құлдық деп санамаңыздар.

№2 АҢЫЗ

Кез келген адамды волонтер қылуға болады, оны тек қана «шабыттандыру» керек.

Көз алдыңызға екі көріністі елестетіңіз. Бірінші: жігіт вокзалда сүйікті қызын қарсы алады. Міне, ол поездан шықты. Ол гүлдерімен перронға жүгіреді. Сіз бозбаланың түрінен, көзінен не көресіз? Қуаныш, еркіндік, жеңілдік! Екінші көрініс. Қарауыл біреуге бағытты өзі айтып, алға жүруге итермелеп келе жатыр. Қарауылдың сөзін орындап келе жатқан адамның көзінен не көресіз?

Волонтерлер балалар мен қарт адамдарға қалай келгенін қалайсыз? Қуаныш пен бақыт қанатында ұшып, өздері немесе оларды күштеп әкелгені жақсы ма? Қандай волонтерлік өзара пайдалы және ұзақ мерзімді болады?

Шынында, әрі қарай түсіндірмей-ақ қоюға болады. Мәжбүрлеу (ЖОО ректорының бұйрығы немесе қайырымдылық ұйым тарапынан психологиялық қысым арқылы манипуляция) волонтерлердің ресурстық сүйемелдеуін, оларға уәждеме мен үлкен жауапкершілікті жүктеуді талап ететіндігін ғана атап өтуге болады. Ал еркін таңдау тек ортақ қуаныш сыйлауға достық қолдауды қажет етеді. **Ең дұрысы, волонтерлік - арманның іске асуы!**



№ 3 АҢЫЗ

Кейбір үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар арасында **волонтерлерді әлдебір «қоймадан» алады деген қиял бар.** Оларды парақшалар тарауға, үй-жайларды жинауға немесе қандай да бір іс-шараларды ұйымдастыруға шақыруға болады.

Жоқ, волонтерлер – бұл жеке тұлғалар, өз басымдылықтары мен ықыласы бар қарапайым адамдар. Олар ҰЕҰ-ға келеді немесе өздерінің ұмтылыстарын, тілектерін және мүдделерін орындау үшін іс-шараларға қатысуға өтінім береді. Олар іс-шараларға ерікті түрді, шынайы шабытпен қатысады. Әлсіз қарт адамдарға көмектесуге ниет білдірген адамға флешмобта шарлар тарат деп бұйрық беруге болмайды. Имидждік іс-шараларға қызығушылық танытқан волонтерді сенбілікке қатысуға көндіруге немесе мәжбүрлеуге болмайды.



№4 АҢЫЗ

Волонтерлер өздерінің қалауымен әрекет етеді және оларға бәрі оңай беріледі, себебі олар бұл туралы өздері армандады.

Еркіндіксіз және өзін-өзі танытусыз волонтерлік жоқ екені сөзсіз. Бірақ ол, өз алдына, шексіз, ұстанымсыз және ережесіз бола алмайды.



Біріншіден, волонтер нақты біреуге көмектесіп, нақты сұранысты орындайды. Бұл дегеніміз, уақыт, орын, қызмет түрі, еңбек жағдайлары, қоршаған адамдар - осының барлығы бастапқы болжаммен сәйкес келмеуі мүмкін. Ауруханада балалармен жұмыс істегің келе ме? Міне аурухана. Мұнда нағыз көмекке мұқтаждық. Бірақ науқастардың сырқаты, аурухана тәртібі, ішкі ережелері және т.б. – бұл волонтерге тәуелді емес және тәуелді бола алмайтын нәрселер, оларды қабылдап, мұқтаж адамдарға көмектесу керек немесе бас тартып, кету керек.

Екіншіден, кез келген волонтерлік «зиян келтірме» қағидатына негізделген. Көмектескін келген адамдарға зиян келтірме, қоршаған адамдарға зиян келтірме, өзіне зиян келтірме! Осыдан міндетті өзін-өзі шектеу пайда болады. Арман мен өмір арасындағы ымыраға келуге тура келеді.

Үшіншіден, бұл - жауапкершілік! Мұны түсіндірудің қажеті жоқ.

№ 5 АҢЫЗ

Бір волонтер көптеген адамдарға түбегейлі көмектесе алады.

Иә, кейде волонтерлер біраз қиындықтарды жеңуі керек. Баспанада балалар немесе вокзал маңында үйсіздер күте ме? Бірақ бәріне қалай жауапты болу керек? Біз «қолға үйретілгендер» үшін жауаптымыз ғой. Менің бәріне күшім жете ме? Ал мен науқастанып қалсам ше?

Бұнын бәрі әділеттік, бірақ бір мәселе бар! Адамның көмек көрсету ниеті мен мұқтаждар арасында волонтерлік ұйым немесе бастамашы топ болуы мүмкін, оның міндеті – уақыт пен ресурстар бойынша шектелген әр түрлі шағын ерік білдірулерден біртұтас көрініс жинау. Византиялық нақышты естеріңізге алыңыздаршы. Ұсақ тастар көп, олардың барлығы шағын және әртүрлі, ал сурет - біреу.



Бүгінгі күні әркім волонтер бола алады, тек қана оның тілегі мен бірнеше сағат бос уақыты болса болды. Бірақ - бір шарт бар. Оған идеяларды іске асыруға, одан жауапкершіліктің толықтығын алып, оның күш жетерлік бөлігін ғана қалдыруға көмектесетін ұйым болуы тиіс.



№ 6 АҢЫЗ

Волонтерге жалғыз әрекет ету оңай.

Шын мәнінде, бұл туралы алдыңғы тармақта айтылды. Егер волонтер – өзімен өзі болса, онда көп уақыт қажеттігі сөзсіз. Егер ол мұқтаждарға ұйымның атынан көмектессе және топпен, мысалы, балалар үйіне келсе, оған бір келу кезінде үш жүз балаға көңіл бөлуге тырысудың қажеті жоқ; егер ұйым қызметкерлері барлық алдын ала жұмыстарды атқарса (келіссөздер жүргізсе, құрал-саймандарды сатып алса, көлік ұйымдастырса), онда балалармен кездесу уақыт бойынша ақылға қонымды болуы мүмкін – сағат бірден үшке дейін, бұл ретте балалар да, волонтерлер де риза болады, бірдеңе аяқталмай қалды деген кірбің қалмайды.



№ 7 АҢЫЗ.

Волонтерлерді ұйымдастырудың қажеті жоқ, олар өздері бәрін біледі.

Өрине, волонтердің басты ресурсы – бұл оның ерікті таңдауы! Волонтерлердің барлық энергиясы немесе күші осында жатыр. Жеке жүгенсіздік жоқ - ештеңе жоқ. Бірақ! Жұмысты дұрыс қою, жоспарды анықтау және көптеген мәселелерді уақытында бақылауды бір-екі адам істей алмайды. Сондықтан, Қазақстанда әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын, адамдарға волонтер болуға көмектесетін түрлі ҰЕҰ мен азаматтық компаниялар бар. Кейде қайырымдылықпен немесе волонтерлік қызметпен айналысатын адамдар өздерін асыра бағалап, өздеріне үлкен жауапкершілік жүктейді, нәтижесінде олар көп ұзамай шаршайды. Ал жаңа бастаған волонтер мәселені шеше алмаса, соңы не болатыны бәрімізге мәлім. Волонтерлерді оқыту және қолдау - бұл кез келген ҰЕҰ-ның жұмысындағы маңызды қадам.



№ 8 АҢЫЗ.

Волонтерлік ештеңе де тұрмайды.

Бұл ең әйгілі сұрақтардың бірі, оны көбісі дұрыс түсінбейді. Иә, волонтерлер өз қызметі үшін жалақы алмайды. Волонтерлер күлімсіреу, алғыс сөздер, дағдылар, ұсыным хаттар, тіпті қайырымдылық грамоталар алады. Барлық жерде әртүрлі. Бірақ волонтерлерді тарту - бұл толыққанды жұмыс екені туралы көбісі ойланбайды. Жарнамаларды ұйымдастыру, уақыт, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, қоңыраулар, кеңсені жалға алу, брендтелген футболкаларға тапсырыс беру, көлікпен қамтамасыз ету, сыйлықтарды дайындау және көптеген басқа істер – осының бәрін еш қиындықсыз ақшалай баламаға аударуға болады. Қазақстанда демеушілік аздап күшейіп келе жатқанына қарамастан, ҰЕҰ мен азаматтық командалар көмектесу және жақсылық жасау ниетінде тіршілік етеді.



ҚАЛАЙ ВОЛОНТЕР АТАНУҒА БОЛАДЫ?



Адамдар волонтерлік қызметті әр түрлі жолмен жүзеге асыра алады. Волонтерлік қызметті жеке өзі жүзеге асыратын волонтерлер бар. Немесе олардың өздері айналысатын сүйікті ісі бар. Олар үнемі жоспарланған жобаларға қызығушылық танытады немесе үнемі қатысып жүреді.

Командамен бірігіп жұмыс жасайтын волонтерлер бар. Олар не YEY/KEY-ны өздері құрады немесе жұмыс істеп тұрған волонтерлік ұйымдарға қосылады.

Волонтерліктің қай түрін таңдасаңыз да, волонтер еркін адам екенін және қай ұйыммен серіктес болатынын еркін таңдайтынын есте ұстаған жөн.

Қандай жағдайда да, Сізге осы ресурс пайдалы болады – qazvolunteer.kz платформасы.

Платформа волонтерлерге өздерін қызықтыратын жобаларды, ал ұйымдарға қажетті волонтерлерді табуға мүмкіндік береді. Сайтта көптеген пайдалы ақпараттар бар кітапхана жұмыс істейді, еліміздің барлық өңірлері бойынша ұйымдар мен волонтерлердің рейтингі бар.



QAZVOLUNTEER.KZ - бұл волонтерлер қозғалысының дамуына ықпал ететін және волонтерлер үшін бірыңғай мотивациялық бағдарламаның даму перспективаларын ашатын Қазақстан Республикасындағы волонтерлердің бірыңғай тізілімі. Сайтта сондай-ақ ҚР БҒМ, ҚР АҚДМ, «Қаржы орталығы» АҚ және Ұлттық волонтерлер желісінің ынтымақтастығы аясында «Өлеуметтік студенттік несие» жобасы іске асырылуда. Платформа одан әрі кеңейтілетін болады: оқыту бағдарламалары, корпоративтік волонтерлік модулі және басқа да жаңартулар әзірленуде.



